

## Ақсу қаласы халқының нысаналы топтары туралы

### *Күші жойған*

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2010 жылғы 1 ақпандағы N 39/1 қаулысы. Павлодар облысы Ақсу қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 10 наурызда N 12-2-128 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 83/2 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2012.01.26 N 83/2 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағының 13, 14-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақсу қаласының аумағында тұратын, халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізбесі мынадай жұмыссыз азаматтардың с а н а т т а р ы м е н б е л г і л е н с і н :

- 1) дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы бойынша еңбек етуде шектеулері бар тұлғалар (ДКК);
- 2) 50 жастан асқан тұлғалар;
- 3) ұзақ уақыт (бір жылдан аса) жұмыс істемеген тұлғалар;
- 4) отбасында бірде-бір жұмыс істейтін адам жоқ тұлғалар;
- 5) 25 жасқа дейінгі жастағы жастар;
- 6) туберкулезбен ауыратын науқастар;
- 7) бұрын жұмыс істемеген тұлғалар;
- 8) 2009 және 2010 жылдары бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарында оқу бітірген тұлғалар.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2010.04.09 N 210/3 шешімімен.**

2. Осы қаулы ол алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е.М. Рахымжановқа жүктелсін.

*Қала әкімі*

*О. Қайыргелдинов*

